КОНЪЮНКТУРАЛЫҚ ШОЛУ

Экономиканың нақты секторы кәсіпорындарынан жиналған пікіртерім нәтижелері

2021 ж. IV тоқсан

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Ақша – кредит саясаты департаменті

МАЗМҰНЫ


I. Мониторинг қатысушыларының құрамының динамикасы (3-бет)
II. Дайын өнімге сұраныс серпіні (4-бет)
III. Нақты сектордағы бағалардың өзгеруі (5-бет)
IV. Өндіріс көлемінің өзгеруі (6-бет)
V. Баланс құрылымы: активтер (7-бет)
VI. Баланс құрылымы: пассивтер (8-бет)
VII. Инвестициялық белсенділік (9-бет)
VIII. Айналым құралдарын қаржыландыру көздері (10-бет)
IX. Бизнесті жүргізудегі кедергілер (11-бет)
X. Қаржы-экономикалық көрсеткіштердің өзгерісі (12-бет)
XI. Кәсіпорындардың қаржылық жағдайын бағалау (13-14 бет)
XII. Банк жүйесінің экономиканың нақты секторына ықпалы (15-17 бет)
XIII. Кәсіпорындардың сыртқы экономикалық қызметі (18-бет)
XIV. Валюталық бағам өзгерістерінің ықпалы (19-бет)
XV. Композиттік озыңқы индикатор (20-бет)
XVI. Әдіснамалық түсініктеме (21-бет)

МОНИТОРИНГ ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ

2021-жылдың 4-тоқсанында мониторингке қатысушылардың өңірлік құрамы




Мониторингке қатысушылардың өлшем құрамы



2021 жылдың 4-тоқсанда респонденттердің саны алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 7 кәсіпорынға артып, 3334-ті құрады. Сауалнамаға 14 шағын кәсіпорын тартылды, 4 орта және 3 ірі кәсіпорын іріктемеден шығып кетті.

Салалық тұрғыдан қарағанда кәсіпорындардың ұлғаюы кен өндіру өнеркәсібінде (4), ауыл шаруашылығында, көлік және қоймада, құрылыста, өңдеу өнеркәсібінде және басқа салаларда (1-ден) байқалды.


Мониторингке қатысушылардың салалық құрамы





ДАЙЫН ӨНІМГЕ СҰРАНЫС СЕРПІНІ

Дайын өнімге сұраныс, ДИ*

		2020				2021				2022
Кәсіпорындар жауаптары, %		1 тоқ.	2 тоқ.	3 тоқ.	4 тоқ.	1 тоқ.	2 тоқ.	3 тоқ.	4 тоқ.	1 тоқ.**
Ұлғаю	1	12,9	18,7	22,4	22,4	16,4	24,1	24,2	24,4	12,6
Өзгеріссіз	2	50,6	47,6	51,8	51,6	51,5	53,1	55,6	55,1	40,7
Төмендеу	3	33,8	30,7	22,6	22,9	28,5	19,1	16,4	17,3	13,7
Білмеймін	4	2,7	3,0	3,2	3,1	3,6	3,7	3,8	3,2	33,0
Диффузиялық индекс = 1жол+0,5*(2жол+4 жол)	5	39,6	44,0	49,9	49,7	43,9	52,5	53,9	53,6	49,4
ДИ маусымдық өзгерістерден тазартылған*	6	45,8	41,9	46,8	48,8	50,7	50,2	50,6	52,5	56,9








2021 жылдың 4-тоқсанында нақты секторда дайын өнімге сұраныс артты. Диффузиялық индекс (бұдан әрі - ДИ) **52,5** құрады. Көрсеткіштің жақсаруы тауар өндіру (54,1) және қызмет көрсету (50,8) секторларында, кен өндіру (56,3) және өңдеу (55,2) өнеркәсібінде байқалды.

Кәсіпорындардың күтімдері бойынша нақты секторда 2022 жылдың 1-тоқсанында сұраныстың қалпына келу процесі жалғасады (ДИ=**56,9**).


*ДИ-диффу зиялық индекс. 50 деңгейінен қанша жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (құлдырау) қарқыны сонша жоғары (төмен), 50 деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді;
** 2022 жылдың 1-тоқсаны бойынша кәсіпорындардың күту лері келтірілген.


НАҚТЫ СЕКТОРДАҒЫ БАҒАЛАРДЫҢ ӨЗГЕРУІ

Дайын өнім бағалары, ДИ *



Шикізат пен материалдар бағасы, ДИ*





Баға факторларының маңыздылығын бағалау, жауаптар %



2021 жылдың 4-тоқсанында жалпы экономика бойынша кәсіпорындардың дайын өніміне бағаның өсу қарқыны аздап баяулады (ДИ **61,5** құрады). Бұл ретте кен өндіру және өңдеу өнеркәсібінде бағаның шамалы өсуі байқалды (ДИ тиісінше 64,3 және 65,9-ға дейін өзгерді).

Кәсіпорындардың басым көпшілігі үшін шикізат пен материалдардың бағасы (кәсіпорындардың 82,0% үшін) және сұраныс (81,4%) дайын өнімге баға белгілеу кезінде неғұрлым маңызды фактор болып табылады.


2022 жылдың 1-тоқсанында кәсіпорындар шикізат пен материалдар (ДИ=65,7) және тиісінше дайын өнім (ДИ=57,9) бағасының өсу қарқынының баяулауын күтуде.

*ДИ-диффузиялық индекс. 50 деңгейінен қанша жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (құлдырау) қарқыны сонша жоғары (төмен), 50 деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді;
** 2022 жылдың 1-тоқсаны бойынша кәсіпорындардың күту лері келтірілген.


ӨНДІРІС КӨЛЕМІНІҢ ӨЗГЕРУІ

Өндірістік қуат көздерін қолдану деңгейі

(% жауаптар)



Өндіріс көлемі ДИ



2021 жылдың 4-тоқсанында кәсіпорындардың өндірістік қуат көздерін қолдану (ӨҚҚ) жүктемесі іс жүзінде өзгеріссіз қалды. ӨҚҚ-ң орташа салмақтанған* деңгейі **54,2%** құрады.

Сонымен қатар, 2021 жылдың 4-тоқсанында өндіріс көлемінің өсу қарқыны баяулады. ДИ **50,7** құрады.


2022 жылдың 1-тоқсанында кәсіпорындар өндіріс көлемінің төмендеуін күтуде. ДИ күтулер бойынша **47,0** құрады.

* Орташа салмақтанған деңгей- бұл кәсіпорындар үлесі бойынша салмақтанған интервалдың орташа мәні


**ДИ-диффузиялық индекс. 50 деңгейінен қанша жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (құлдырау) қарқыны сонша жоғары (төмен), 50 деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетед

БАЛАНС ҚҰРЫЛЫМЫ: АКТИВТЕР


Активтер құрылымы



Қысқа мерзімді активтер құрылымы



Активтер айналымдылығының көрсеткіштері



2021 жылғы 4-тоқсанда экономиканың нақты секторындағы компаниялар активтерінің құрылымында қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді активтердің үлесі **31,2%** және **68,8%**-ды (3-тоқсанда тиісінше 30,7% және 69,3%) құрап, өзгерген жоқ. Активтердің айналымдылығы* **17,2%** – ға дейін, айналым қаражатының айналымдылығы** - **55,0%** - ға дейін ұлғайды.


Өткен тоқсандағы қысқа мерзімді активтер құрылымында дебиторлық берешектің үлесі іс жүзінде **40,3%** (3 – тоқсанда - 40,1%) өзгеріссіз қалды, ал қорлардың үлесі **20,2%** - ға (3-тоқсанда 21,3%) дейін аздап қысқарды.

* Активтер айналымдылығы= Өнімді сатудан түскен түсім/ Активтер*100


** Айналым қаражатының айналымдылығы= Өнімді сатудан түскен түсім/ Қысқа мерзімді активтер*100

БАЛАНС ҚҰРЫЛЫМЫ: ПАССИВТЕР


Пассивтер құрылымы




Ұзақ мерзімді міндеттемелер құрылымы



Қысқа мерзімді міндеттемелер құрылымы



Мерзімі өткен берешегі бар кәсіпорындардың үлесі



2021 жылғы 4-тоқсанда пассивтер құрылымында қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттемелер үлесінің тиісінше **20,1%** - ға және **31,8%**-ға дейін ұлғаюы, сондай-ақ меншікті капитал үлесінің **48,0%** - ға дейін төмендеуі байқалады. Қысқа мерзімді міндеттемелер құрылымында қысқа мерзімді кредиторлық берешектің үлесі 3-тоқсандағы 44,9% - дан 2021 жылғы 4-тоқсанда 45,2% - ға дейін ұлғайды. Қысқа мерзімді банктік қарыздардың үлесі 17,1% – ға дейін ұлғайды (3-тоқсанда-16,5%).


Балансында мерзімі өткен дебиторлық және кредиторлық берешегі, сондай-ақ банктердің қарыздары бойынша берешегі бар кәсіпорындардың үлесі тиісінше **21,4%**- ға, **20,1%** - ға және **7,2%** - ға дейін қысқарды.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІК

Негізгі құралдарды қаржыландыру көздері




Айналым құралдарын қаржыландыру көздері



2021 жылғы 4-тоқсанда кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігі аздап өсті. Негізгі құралдарды қаржыландыруды жүзеге асырмаған кәсіпорындардың үлесі төмендеді (33,6%-ға дейін), негізгі құралдарды меншікті қаражаты есебінен қаржыландырған кәсіпорындардың үлесі ұлғайды (65,6%-ға дейін). Бұрынғыдай кәсіпорындардың көпшілігі негізгі және айналым қаражатын қаржыландыру үшін меншікті қаражатын пайдаланады (тиісінше 65,6% және 85,2%).

АЙНАЛЫМ ҚҰРАЛДАРЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗДЕРІ


Айналым құралдарын қаржыландыру көздері



Айналым құралдарын қаржыландыру үшін кәсіпорындардың көпшілігі (**85,2%**) меншікті қаражатын пайдаланды, оның **42,7%** - пайда және **42,5%** - акционерлердің/қатысушылардың меншікті қаражаты. Осы мақсатта кәсіпорындардың **18,0%**-ы (олардың 9,7%-ы бұрын ашылған кредит желісі бойынша транштыны, 7,6%-ы қазақстандық банктердегі және микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйымдардағы қарыздарды, 0,7%-ы шетелде қарызды пайдаланған) қарыздарды пайдаланды.

Кестеде көрсетілгеннен көздерден басқа қаржыландырудың басқа көздері ретінде кәсіпорындар сатып алушылардың аванстарын, топ ішіндегі қарыздарды (бас компания мен филиалдар арасындағы) және субсидияларды да көрсетеді.

БИЗНЕСТІ ЖҮРГІЗУДЕГІ КЕДЕРГІЛЕР



2021 жылғы 4-тоқсандағы сауалнама нәтижелері бойынша кәсіпорындардың **35,5%**-ы үшін Қазақстан экономикасының жай-күйі бизнесті жүргізуге кедергі болып табылады (3-тоқсанда мұндай кәсіпорындардың үлесі 34,9%-ды құрады). Сауалнамаға қатысушылардың **41,6%**-ның (3-тоқсанда - **42,2%**) пікірінше, 2021 жылғы 4-тоқсанда Қазақстандағы экономикалық жағдай нашарлады, **53,5%** өзгерген жоқ деп санайды.

Экономика жағдайынан басқа кәсіпорындар үшін неғұрлым маңызды факторлар нарықтық бәсекелестік (29,0%), салық ауыртпалығы (22,4%), тұтынушыларды іздеу (21,9%), білікті кадрлардың жетіспеушілігі (19,0%), дебиторлық берешекті қайтарудың қиындығы (12,4%), реттеу шараларының күрделілігі, жиі өзгеруі (лицензиялар, рұқсаттар) (11,0%) болып табылады, **ал маңыздылығы бойынша қаржыландыруға қолжетімділік 9-орында (10,9%) орналасқан.**


Басқа кедергілер ретінде кәсіпорындар карантиндік шараларды, елдегі саяси жағдайды, валюта бағамын, шикізат бағасын, сондай-ақ маусымдық жұмыстарды көрсетті.

ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ ӨЗГЕРІСІ

2021 жылғы 4-тоқсанда кен өндіру өнеркәсібіндегі кәсіпорындардың орташа* сату рентабельділігі** 3-тоқсандағы 45,0% - дан **50,0%**-ға дейін өсті. Өңдеу өнеркәсібінде сату рентабельділігі 3-тоқсандағы 21,1% - дан **21,4%** - ға дейін аздап өсті. Нәтижесінде жалпы экономика бойынша сатудың орташа рентабельділігі іс жүзінде бұрынғы деңгейде сақталып, **23,5%** - ды құрады.

Жылды пайдамен жабуды жоспарлап отырған кәсіпорындардың үлесі **40,6%** құрады, **13,5%** жыл шығынмен аяқталады деп есептейді. Бұл ретте сұралған кәсіпорындардың **13,8%**-ы жыл теңгерімді бюджетпен (пайда немесе шығынсыз) жабылады деп болжайды, қалған **32,1%**-ы жылдың соңына қарай кәсіпорынның қаржылық жағдайына баға бере алмайды.

Сату рентабельдігі, %




Қаржы жылын пайдамен / шығынмен жабуды болжап отырған кәсіпорындардың үлесі, %



* Орташа медианалық мәндер орташа арифметикалық мәнге қарағанда экстремалды мәндерге аз сезімтал болғандықтан ұсынылған


** Пайыздар, салықтар және амортизация бойынша шығыстар шегерілгенге дейін сатудың рентабельділігі көрсетілген

КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН БАҒАЛАУ



Кәсіпорындарды өлшемі бойынша қаржылық жағдайына қарай топтастыру, үлес

2021-жылдың 4-тоқсаны



Кәсіпорындардың қаржылық коэффициенттерін бағалауға негізделген дискриминанттық талдау нәтижелері бойынша қаржылық жағдайы күрделі кәсіпорындардың үлесінің төмендеуді жалғасуда: 4-тоқсанда олардың үлесі **35,0%**құрады.


Өлшемдік құрамына қарай талдасақ, шағын кәсіпорындар арасында қаржылық жағдайы күрделі кәсіпорындардың үлесі (**40,9%**) ірі (23,0%) және орта (28,3%) кәсіпорындарға қарағанда айтарлықтай көп. Сонымен қатар, ірі кәсіпорындардың құрамында тұрақты кәсіпорындардың үлесі орта және кіші кәсіпорындарға қарағанда төмен.

Кәсіпорындар қаржылық көрсеткіштердің мәндерін қолданып жүргізген дискриминанттық талдау нәтижелері бойынша топтастырылған.

21 беттегі әдістемелік түсініктемені қараңыз.

КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН БАҒАЛАУ

2021 жылдың 4-тоқсанында қызмет түрлері бойынша кәсіпорындарды қаржылық жағдайына қарай топтастыру бөлу, %



Кәсіпорындар саны*

90 бірл.
207 бірл.
703 бірл.
271 бірл.
168 бірл.
59 бірл.
124 бірл.
72 бірл.
612 бірл.
121 бірл.
49 бірл.
169 бірл.
32 бірл.


2021 жылғы 4-тоқсанда сумен жабдықтаудан басқа барлық салаларда қаржылық жағдайы күрделі кәсіпорындардың үлесі қаржылық жағдайы тұрақты кәсіпорындардың үлесінен көп болды. Тұрақты кәсіпорындардың ең көп үлесі ауыл шаруашылығында болды (**19,6%**). Қаржылық жағдайы күрделі кәсіпорындардың ең көп үлесі - "тұру және тамақтану бойынша қызмет көрсету" саласында (**56,9%**). Сумен жабдықтау және электрмен жабдықтау ең қалыпты салалар болып шықты, онда қаржылық жағдайы қалыпты кәсіпорындардың үлесі тиісінше **90,6%** және **70,0%** құрады.

* Мониторингке 3 жыл бойы үздіксіз қатысқан кәсіпорындар


БАНК ЖҮЙЕСІНІҢ ЭКОНОМИКАНЫҢ НАҚТЫ СЕКТОРЫНА ЫҚПАЛЫ

Несиеге сұраныс


(банктен несие алуға өтініш берген кәсіпорындар үлесі, %)



Банктердің кәсіпорындардың несие алуға өтініштерін қарауы, %



Несие алуға өтініш берген, бірақ ала алмаған кәсіпорындар үлесі, %



2021 жылдың 4-тоқсанында сұралған кәсіпорындардың **17,2%**-ы несие алу үшін банкке жүгінді, кәсіпорындардың 17,0%-ы несие алды (немесе несие алу үшін жүгінгендердің 98,8%-ы). Несиелеуден бас тарту үлесі сауалнамаға қатысушылардың жалпы санының 0,2%-ын (кредит алуға өтініш білдіргендер санының 1,2% -ын) құрады.

2022 жылдың 1-тоқсанында несие алу үшін сауалнамаға қатысқан кәсіпорындардың **15,2%** өтініш білдірмек. Өңдеу өнеркәсібінде мұндай кәсіпорындардың үлесі **24,4%**-ды, кен өндіру өнеркәсібінде-**9,9%**-ды құрады.


** Графиктерде 2022-жылдың 1-тоқсаны бойынша кәсіпорындардың күтулері келтірілген.

БАНК ЖҮЙЕСІНІҢ ЭКОНОМИКАНЫҢ НАҚТЫ СЕКТОРЫНА ЫҚПАЛЫ


Кәсіпорындардың несие жүктемесін бағалауы*, %

Қарыз ауыртпалығы*	1%-20%	21%-30%	31%-40%	41%-50%	51%-60%	61%-70%	71%-80%	81%-н жоғары	қарыз жоқ
Кәсіпорындардың үлесі, %	15,6	10,0	6,2	4,1	3,3	1,4	1,1	1,6	56,7

Орташа салмақталған несие жүктемесі, %



Соңғы тоқсандағы несиені алудың мақсаттары, %




2021 жылдың 4-тоқсанында сауалнамаға қатысқан кәсіпорындардың 56,7%-ында **қарыз жоқ**. Қарызы бар кәсіпорындардың көпшіліщде (15,6%) несие жүктемесі* 20% шегінде. Қарыз ауыртпалығының орташа арифметикалық салмақтан мәні** **12,9%** - ды құрайды.

Несиені кәсіпорындардың басым көпшілігі (**81,1%)** айналым құралдарын (материалдарды, шикізатты, жартылай фабрикаттарды және т.б. сатып алу) қаржыландыру үшін, 11,8% - негізгі құралдарды (ғимараттарды, құрылыстарды, көлік құралдарын, жабдықтарды және т.б.) сатып алу үшін алды. Қайта қаржыландыру мақсатында қарызды кәсіпорындардың 2,8%, бизнесті кеңейтуге – 1,8% рәсімдеді.


*Ай сайынғы төлем / өнімді өткізуден түскен кіріс
** Орташа арифметикалық салмақтанған мән - бұл кәсіпорындардың үлесімен салмақтанған интервалдың орташа мәні.

БАНК ЖҮЙЕСІНІҢ ЭКОНОМИКАНЫҢ НАҚТЫ СЕКТОРЫНА ЫҚПАЛЫ


Бағалық шарттар




Теңгемен берілген несиелердің мерзімдері мен мөлшерлемелері



Бағалық емес шарттар



Шетел валютасымен берілген несиелердің мерзімдері мен мөлшерлемелері




2021 жылғы 4-тоқсанда кәсіпорындардың бағалық (несие бойынша мөлшерлемелерің деңгейі, қосымша комиссиялардың мөлшері) және бағалық емес (несиенің ең жоғары мөлшері мен мерзімі, қарыз алушының қаржылық жағдайына қойылатын талаптар, қамтамасыз етуге қойылатын талаптар) шарттарға қатысты бағалары біршама жақсарды, бірақ теріс болып қалды.

Мониторингке қатысушылар алған несиелер бойынша орташа пайыздық мөлшерлемелер теңгемен **11,6%** және шетел валютасымен **5,3%** құрады (өткен тоқсанда тиісінше 11,7% және 6,1%). Кәсіпорындар пікірінше, олар үшін қолайлы пайыздық мөлшерлеме теңгемен несиелер бойынша 5,3% – ды, ал шетел валютасындағы несиелер бойынша 2,3% - ды құрайды.

КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ (СЭҚ)


Өткен тоқсан бойынша сыртқы экономикалық қызмет нәтижесі, кәсіпорындар үлесі %



Қызмет түрі бойынша сыртқы экономикалық қызмет, кәсіпорындар үлесі, %



Есеп айырысуда валютаны пайдалану, кәсіпорындар үлесі %




2021 жылғы 4-тоқсанда респонденттердің **25,9%**-ы өз қызметін жүзеге асыру үшін өнімді импорттады, 6,7%-ы экспорттады, 10,5%-ы экспорттады және импорттады, ал басым көпшілігі (**56,8%**) сыртқы-экономикалық қызметті жүзеге асырмады. Өнімді экспорттаған кәсіпорындардың ең көп үлесі кен өндіру өнеркәсібінде (**26,1%**), саудада өнімді импорттаған кәсіпорындардың үлесі ең көп (**44,5%**). Өңдеу өнеркәсібінде СЭҚ-ты жүзеге асырған кәсіпорындардың үлесі ең жоғары.


Шетелдік серіктестермен есептесуде экспорттаушылар АҚШ долларын (**экспорттаушылардың 72,9%**), импорттаушылар ресей рублін (**импорттаушылардың 86,0%**) көбірек пайдаланады. Кәсіпорындар есептесу кезінде пайдаланылатын басқа валюта ретінде британдық фунт стерлинг, швейцариялық франк, қырғыз сомы және түрік лирасын көрсетеді.

ВАЛЮТА БАҒАМЫ ӨЗГЕРУІНІҢ ЫҚПАЛЫ


Валюта бағамының өзгеру әсерінің динамикасы, ДИ *



Валюта бағамының 2021 ж. 4-тоқсанда экспорттаушылардың шаруашылық қызметіне әсері



Валюта бағамының 2021 ж. 4-тоқсанда импорттаушылардың шаруашылық қызметіне әсері




2021 жылдың 4-тоқсанында RUB/KZT бағамының өзгеруінен кәсіпорындардың шаруашылық қызметіне теріс әсер азайды, бұл ретте EUR/KZT және CNY/KZT жұптарының әсері өзгеріссіз қалды.

Кәсіпорындар өздерінің шаруашылық қызметіне CNY/KZT бағамының өзгеруінен барынша төмен жағымсыз әсерді сезінуде. 4-тоқсандағы валюта бағамының өзгеруінің оң әсерін көрсеткен кәсіпорындар өнімді экспорттаушыр арасында жоғарырақ болды. Импорттаушыларға RUB/KZT бағамының өзгеруі жағымсыз әсер етті.

**ДИ-диффузиялық индекс. 50 деңгейден қанша жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (құлдырау) қарқыны сонша жоғары (төмен), 50 деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді

КОМПОЗИТТІК ОЗЫҢҚЫ ИНДИКАТОР*



2021 жылғы 4-тоқсанда нақты сектор кәсіпорындары сауалнамаларының жиынтық бағасын білдіретін композиттік озыңқы индикатордың (КОИ) серпіні нақты секторда экономикалық белсенділікті қалпына келу процесінің жалғасуын көрсетеді. КОИ алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда артып, 100,4 құрады.

КОИ динамикасына энергия тасымалдаушыларға әлемдік баға серпіні, дайын өнімге сұраныс, қаржылық жағдайы қиын кәсіпорындар үлесінің төмендеуі оң әсер етті. 2022 жылдың 1-тоқсанында экономикалық белсенділіктің қалпына келу қарқынының баяулауы күтілуде (күтулер бойынша КОИ 100,2 құрады). Кәсіпорындар шикізат пен материалдар бағасының өсу қарқынының баяулауын және кәсіпорындардың дайын өнімдеріне сұраныстың артуын күтеді. Бұл ретте ауыл шаруашылығы кәсіпорындары сұраныстың бәсеңдеуін күтуде.

- Композиттік индикатор іскерлік циклдің бұрылу нүктелерін анықтау үшін қолданылады, сондай-ақ экономикалық белсенділік динамикасының жағдайы мен бағыты бойынша сапалы ақпарат ұсынады. Композиттік индикатор кәсіпорындарындардың ағымдағы және күтілетін жағдайына қатысты сұралған кәсіпорындардың басшылары көзқарасының жалпылама бағалауын білдіреді жыне нақты ЖІӨ серпінінің 1-2-тоқсандағы басып болу қабілеті бар. Индикатор мен нақты ЖІӨ-ді (2005 жылдың орташа жылдық бағалары) есептеу барысында маусымдықтан тазарту және Ходрик-Прескотт әдісімен тренд жою жасалған. Салыстыру мақсатында циклдік құрауыштар стандартталған.

** 2022 жылдың 1-ші тоқсаны үшін КОИ сауалнамаға қатысушы кәсіпорындардың күтімдері негізінде есептелген.

- Кестелер мен графиктерде көрсетілген диффузиялық индекс (ДИ) оң жауаптар мен өзгеріссіз жауаптардың жартысының сомасы ретінде есептеледі. Осы индекс қаралып отырған көрсеткіштің өзгеру динамикасын сипаттайтын қорытынды индикаторы болып табылады. Егер оның мәні 50-ден жоғары болса – бұл оң өзгерісті, ал 50-ден төмен болса – теріс өзгерісті білдіреді. Бұл ретте диффузиялық индекстің мәні 50 деңгейінен қанша алыс (жоғары немесе төмен) болса, көрсеткіштің өзгеруі (ұлғаюы немесе азаюы) қарқыны сонша жоғары болады.
- Банктердің кредиттері бойынша қолайлы пайыздық мөлшерлеме көрсеткіші мониторингке қатысушы кәсіпорындар олар үшін өндірістің рентабельділігінің ағымдағы деңгейі тұрғысынан алғанда қолайлыретінде қоятын пайыздық мөлшерлемелердің орташасы ретінде есептеледі.
- Қаржылық коэффициенттердің көрсеткіштері жалпы алғанда сауалнамаға қатысқан кәсіпорындардың іріктеуі бойынша, сондай-ақ қажет болған кезде салалар бойынша есептелген орташа мәндермен, тоқсан соңындағы баланс көрсеткіштерінің күтілетін мәндерінің кәсіпорындардан алынған бағалаулары негізінде көрсетілген. Бұл ретте осы бағалаулардың, сондай-ақ олардың ішінде орташа есептелетін бағалаулардың олардың мәндерінің абсолюттік дәлдігін алу мақсаты болмайды (өйткені есептік болып табылмайды), ал экономиканың және оның салаларының қаржылық емес секторының жай-күйінің өзгеру үрдістерінің бағалаулары мен талдауын жедел алуға арналған.
- Дискриминанттық талдау кәсіпорынның қаржылық жағдайының ең ақпараттық көрсеткіштерін анықтауға және кәсіпорындағы дағдарыстық жағдайдың ықтималдылығын анықтауға, сөйтіп оларды сенімділік дәрежесіне қарай жіктеуге мүмкіндік береді. Кәсіпорындарды топтарға бөлу (тұрақты, қалыпты және күрделі) жіктеу функциялары арқылы жүзеге асырылады. Жіктеу функциялары 3 қаржылық көрсеткішті қамтиды: бір қызметкерге шаққандағы өнімді өткізуден түскен кірістің өсу қарқыны, қаржылық тәуелсіздік коэффициенті және меншікті капиталдың өсу қарқыны. Толығырақ мәлімет экономикалық зерттеуде https://www.nationalbank.kz/file/download/9013
- Композиттік озыңқы индикатордың (КОИ) нақты ЖІӨ серпінінің 1-2-тоқсандағы озыңқы болу қабілеті бар. КОИ-дің және ЖІӨ-нің уақыт қатарларына (2005 жылғы бағалармен) маусымдылықтан тазартылған және үрдісі жоқ, яғни экономикалық конъюнктураның қысқа мерзімді ауытқуларымен негізделген циклдік құрауыштар ғана кіреді. Салыстыру мақсатында циклдік құрауыштар стандартталған, яғни бір (өлшемсіз) бірлікке келтірілген.

КОИ жалпы ЭНС бойынша қысқа мерзімді даму үрдістерін көрсетуге арналған. Бұл ретте оның мынадай қасиеті бар: 1) басым сипаты бар; 2) ЭНС дамуының циклдік сипаттамасын көрсетеді; 3) жедел қалыптастырылады, себебі кәсіпорындарға жүргізілген жедел сауалнама негізінде құрылған.

Кәсіпорындарға жүргізілген сауалнамалар бойынша қалыптастырылған индикаторлардың ішінде КОИ құрауыштары ретінде мынадай басым индикаторлар кіреді:

1) Экономиканың салаларында дайын өнімге сұраныстың өзгеруінің ДИ-і
2) Экономика салаларындағы кәсіпорындардың дайын өнімі бағаларының өзгеру ДИ-і
3) Несиелік белсенділік көрсеткіші: несие алуға ниетті кәсіпорындардың үлесі
4) Өндірістік қуаттарды пайдалану деңгейінің өзгеру ДИ-і
5) Орташа жалақының өзгеру ДИ-і
6) Тауарлық-материалдық қорлардағы өзгерістер ДИ-і

ӘДІСНАМАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕМЕ